

"Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 9 желтоқсан N 1230. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.03.14. N 258 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 шілдедегі N 1291 Жарлығын орындау және нарықтық экономикаға көшу кезеңінде мал шаруашылығы өнімінің өнеркәсіптік өндірісі жүйесін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Живпром" өндірістік бірлестігінің кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде қосымшаға сәйкес "Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Мемлекет иелігіне алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығына сәйкес Компания құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік меншігін Компаниямен бірлесе отырып қайта құру тапсырылсын. Құрылатын акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, белгіленген тәртіппен сатылатын акциялар пакеттерінен басқалары, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерленуіне қарай Компанияның иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берілсін.

3. Компания Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісім бойынша селекция-мал тұқымын асылдандыру жұмысының ең жоғары тиімділігіне жету және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді және жүзеге асырады, Компанияға кіретін кәсіпорындарды жаңғырту үшін шетелдік инвестицияларды тарту мен пайдалану жұмысын жүргізеді, өндірістік қызметті жүзеге асыру кезінде айналадағы ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану шараларын әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысады деп белгіленсін.

4. Компания "Живпром" өндірістік бірлестігінің мүліктік

құқылары мен міндеттерін иеленуші болып табылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне бұрын құрылған, Компания құрамына кіретін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерінің белгіленген бөлігін иелену, пайдалану және басқару құқы берілсін.

6. "Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясы заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының заңдары, өз Жарғысы негізінде жұмыс істейді және республикалық агроөнеркәсіп кешенінің құрамына кіреді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 9 желтоқсандағы
N 1230 қаулысына
Қосымша

"Живпром" мемлекеттік акционерлік компаниясының
құрамына кіретін кәсіпорындардың
Тізбесі

Ақмола облысы

Карл Маркс атындағы совхоз

С.М. Киров атындағы совхоз

"Заветы Ильича" совхозы

Ақтөбе облысы

"Первомай" совхозы

"Тамды" совхозы

"Хлебодаров" совхозы

Алматы облысы

"Жетіген" совхозы

"Іле" совхозы

"Қаскелең" совхозы

КПСС XXVII съезі атындағы совхоз

"Шеңгелді" совхозы

"Талғар" совхозы

Атырау облысы

"Алғабас" совхозы

"Теңіз" совхозы

Шығыс Қазақстан облысы

"Зырянов" совхозы

"Красный партизан" совхозы

"Михайлов" совхозы

"Үлбі" совхозы

"Өскемен" совхозы

"Перворесей" совхозы

Жамбыл облысы

"Ойтал" совхозы

"Қақпатас" совхозы

"Жуалы" совхозы

Жезқазған облысы

Балқаш шошқа кешені

Қарағанды облысы

"Волынский бекон" акционерлік қоғамы

Қызылорда облысы

"Айдарлы" совхозы

"Бірлік" совхозы

Көкшетау облысы

"Златополь" совхозы

"Көкшетау" совхозы

"Октябрь" совхозы

"Прогресс" совхозы

"Червонный" совхозы

Қостанай облысы

"Қазахстанец" совхозы

Бейімбет Майлин атындағы "Красносель" совхозы

"Соколов" совхозы

Павлодар облысы

"Ефремов" совхозы

"Дружба" совхозы

Солтүстік Қазақстан облысы

"Совет" агрофирмасы

"Токушин" мемлекеттік кооперативтік-өндірістік бірлестігі

"Фурманов" совхозы

Семей облысы

Ленин атындағы совхоз

"Индустриальный" совхозы

"Семенов" совхозы

"Балапан" совхозы

"Канонер" совхозы

"Қызыл Қазақстан" совхозы

Талдықорған облысы

"Бірінші май" совхозы

"Көксу" совхозы

Торғай облысы

"Двуречный" совхозы

Совет Армиясының 60 жылдығы атындағы совхоз

"Октябрь" совхозы

Оңтүстік Қазақстан облысы

"Шұбар" совхозы

"Боралдай" совхозы

Ескерту. Бұрын "Живпром" өндірістік бірлестігінің құрамына кірген Павлодар облысының Қазақ КСР-інің 30 жылдығы атындағы колхоз, Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би аудандағы "Победа" колхозы және Сайрам ауданындағы "Победа" колхозы колхоздардың еңбек ұжымы жалпы жиналысының шешімі бойынша Компания құрамына кіре алады.

